

# Құрметті ханындар!

Сіздерді жаймашуақ көктемнің алғашқы күндерімен қатар келетін сұлулық мерекесі – 8 наурыз мейрамымен құттықтаймыз! Тіршіліктің тұтқасына айналған нәзікжандылар сұлулық пен сүйкімділіктің шынайы үлгісі болып қала беріңіз. Шаңырақта да, шаруада да бақытты болыңыз! Сізге бақ-береке мен отбасылық жайлылық, барлық бастамаларыңызға сәттілік.

Бағзы заманда жауға қайсарлығымен қарсы тұрған, бүгінде ер азаматтармен иық тірестіре жұмс жасап жүрген нәзікжандылар ауыр жүкті қаймықпай көтеріп, отбасының ұйытқысы, шырақшысы атанып отыр.

Өмір әрқашан гүлденген гүлдердің хош иісіне, жақсы істердің жемістеріне және сыртқы әлеммен үйлесімділікке толы болсын. Өмірде бақыт, береке және сәттілік қатар жүрсін!

Көктемнің шұғылалы күні жүрекке жылу, жүздеріңізді күлкіге бөленсін! Керемет мерекеді отбасылық жайлылық, өзара татулық, өркендеу жолында өмірге деген сүйіспеншілік тілейміз! Әрқашан бақытты, жас, табысты, сүйкімді және сүйікті болыңыз!



www.aigak.kz

RESPUBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙГЕАК

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaqy sylyqtartaryny, "Altyn júrek" sylyǵynyń iegeri



№09 /sársenbi/ 04 naýрыз 2026 jyl

## АВИАЦИЯЛЫҚ ХАБҚА ҚАДАМ: ЖАҢА ОРТАЛЫҚ ШЫМКЕНТ ЭКОНОМИКАСЫНА СЕРПІН БЕРЕДІ



ангарлар салынады. Нәтижесінде қазақстандық өуе компаниялары шетелдік сервистік орталықтарға тәуелділікті азайтып, техникалық қызметті өз елімізде жүргізе алады. Бұл қаржының ел ішінде қалуына және саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсер етеді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Шымкент өуежайын заманауи мультимодальды хабқа айналдыру жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда. Өткен жылы мұнда екінші ұшу-қону жолағының құрылысы басталды.

Жаңа ұшу-қону жолағы кез келген жүк көтергіштіктері өуе кемелерін, оның ішінде ауыр жүк ұшақтарын да күрделі метеорологиялық жағдайларда қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл Шымкентті халықаралық транзиттік бағыттар картасында маңызды нүктеге айналдырып, жүк тасымалы мен логистика саласының дамуына тың серпін береді.

Сарапшылардың пікірінше, авиациялық инфрақұрылымның дамуы, инвестициялық тартымдылықты арттырып, халықаралық серіктестікті күшейтеді. Сондай-ақ, жаңа нысан туризм ағынын көбейтіп, экспорттық әлеуетті ұлғайтады.

Осылайша, «MRO SCAT» орталығы мен жаңа инфрақұрылымдық жобалар Шымкенттің өндірістік, көлік-логистикалық және инновациялық орталық ретіндегі рөлін айқындай түседі. Бұл бастамалар мегаполистің әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа кезеңін бастап, оны Орталық Азиядағы ірі авиациялық хабтардың біріне айналдыруға негіз қалайды.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

## ҚЫЗДАРҒА ҚАТЫСТЫ ДАЛА ДАНАЛЫҒЫ

Қыздың қабағында құт бар.

Ақылды қыз білімге жүгірер,  
Ақылсыз қыз сөзге ілігер.

Қайтып келген қыз жаман,  
Қайта шапқан жау жаман.

Қызға бергенді Қыдыр өтер.

Жасауды жеті жастан жинасаң жетеді,  
Алты жастан жинасаң асады.

Бір қыз күйеуге шықса,  
Қырық қыз түс көреді.

Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды.

Қырсыққан қыз бай таппас, Қырсыз жігіт мал таппас.

Жақсы қыз – жағадағы құндыз,  
Жақсы жігіт – аспандағы жұлдыз.

Күйеу жаман болса қызыңнан,  
Келінің жаман болса ұлыңнан.

Жыршы қызға – сыршы күйеу.

Қыз – қонақ.

Қыз өссе елдің көркі,  
Гүл өссе жердің көркі.

Қыздың көзі қызылда.

Төркін десе қыз төзбейді.

Қыздың жолы жіңішке.

Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді келеді.

Қызды ауылдың қызығы көп.

Қызды асырап білмеген құң етер,  
Жібекті түте алмаған жүн етер.

Қызым саған айтам, келінім сен тыңда.

Қызың өссе қылықтымен ауыл бол.

Шешесіне қарап қызын ал,  
Аяғына қарап асын іш.

Қызға қырық үйден тыйым.

Қыз – өріс, үл – қоныс.

Екі ауылдың арасын жол қосады,  
Екі елдің арасын қыз қосады.

Қыздың қырық жаны бар.  
Судың түбін шым бекітер,  
Даудың түбін қыз бекітер.

Қызыңды құтты орнына қондырғанша құт,  
Ұлыңды отау иесі болғанша құт.

Әдепті елдің қыздары – қырмызы қызыл жібектей.

Астың дәмін келтірген түз әулие  
Елдің сәнін келтірген қыз әулие.



Мемлекет басшысының Америка Құрама Штаттары-на жұмыс сапары барысында Boeing трансұлттық корпорациясының басшыларымен өткізген кездесуі отандық авиация саласы үшін маңызды келісімдерге жол ашты. Келіссөздер аясында серіктестікті кеңейту, қазақстандық өуе тасымалдаушыларына, соның ішінде SCAT өуекомпаниясы-на қосымша өуе кемелерін жеткізу, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету және жөндеу орталығын ашу мәселелері талқыланған еді.

Осы уағдаластықтардың нақты нәтижесі ретінде Шымкент қаласында еліміздегі алғашқы «MRO SCAT» авиациялық-техникалық орталығының құрылысына капсула салу рәсімі өтті. Салтанатты шараға ҚР көлік вице-министрі Талғат Ластаев, қала әкімі Рахат Сыздықбеков, «SCAT» өуекомпаниясының басшылығы мен «Boeing» компаниясының өкілдері қатысты.

Жаңа авиациялық-техникалық орталық – тек өндірістік нысан ғана емес, мегаполистің әлеуметтік-экономикалық да-

муына серпін беретін стратегиялық жоба. Кешен іске қосылғаннан кейін ондаған, ал болашақта жүздеген жоғары білікті мамандар тұрақты жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Инженерлер, авиациялық техникалар, логистика және қызмет көрсету саласының мамандары үшін жаңа жұмыс орындары ашылады.

Бұл өз кезегінде:

- жергілікті бюджет кірісін арттыруға;
- шағын және орта бизнестің дамуына;
- сервистік қызметтер нарығының кеңеюіне;
- жастарды техникалық мамандықтарға тартуға мүмкіндік береді.

Мамандарды даярлау бағытында отандық оқу орындарымен серіктестік орнату арқылы авиациялық-инженерлік кадрларды жергілікті жерде қалыптастыруға жол ашылады. Бұл өңірдің адами капитал сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жоба аясында өуе кемелеріне толық техникалық қызмет көрсету мен күрделі жөндеу жүргізуге арналған заманауи

## СОЗАҚТА СЕРПІНДІ

Түркістан облысына қарасты Шолаққорған ауылында өндірістік бағыттағы жаңа тігін цехі іске қосылды. Бұл жоба – өңірдегі шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған нақты қадамдардың бірі. Заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған кәсіпорында жабдықтауға арналған арнайы киімдер, тұрмыстық қолғаптар, шұлықтар мен жұмыс аяқ киімдері тігіледі.

Салтанатты ашылу рәсіміне Мұхит Тұрысбеков қатысып, жаңа өндіріс ошағы аудан экономикасын өртаптапандыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Оның айтуынша, кәсіпкерлікті қолдау – өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің басты тетігі.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында шағын және орта бизнесті дамыту ел экономикасының тірегі екенін үнемі айтып келеді. Біз үшін басты міндет – ауданымызды өндірісі өркендеген, кәсіпкерлігі дамыған, халқы тұрақты жұмыспен қамтылған қуатты өңірге айналдыру, – деді аудан әкімі.

Серіктестік төрағасы кәсіпорынның алдағы жоспарларымен бөлісіп, өндіріс көлемін кезең-кезеңімен арттыру көзделіп отырғанын жеткізді. Оның сөзінше, басты басымдық – жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту. Іс-шара



барысында ауданның Құрметті азаматы Бүркіт Арынбеков ақ батасын беріп, жаңа кәсіпорынның берекелі өрі табысты болуына тілектестік білдірді. Ашылу салтанатына ауыл тұрғындары, ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері қатысып, цех жұмысымен танысты. Қонақтарға алғашқы дайын өнімдер – тұрмыстық қолғаптар, арнайы киімдер және жұмысқа арналған аяқ киімдер көрсетілді.

Кәсіпорынның жылдық өндірістік қуаты 876 мың жұп тұрмыстық қолғап, 25 мың дана арнайы киім, 25 мың дана шұлық, 10 мың жұп арнайы жұмыс аяқ киімі және 5 мың дана арнайы жамылғы шығаруға мүмкіндік береді.

**Мақсат ТОҚСАНБАЙ.**

## МИЛАН – КОРТИНА – 2026 ҚЫСҚЫ ПАРАЛИМПИАДАСЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА 2 КҮН ҚАЛДЫ



Биылғы дүбірлі додада Қазақстан Республикасының ұлттық құрамасы пара шаңғы және пара биатлон спорт түрлері бойынша ел намысын қорғайды. Халықаралық аренада Қазақстан атынан 7 спортшы сынға түседі. Олар: Ербол Хамитов, Нұрлан Әлімов, Александр Герлиц, Юрий Березин, Владислав Кобаль, Сергей Усольцев және Анна Грачева, деп хабарлайды ҚР Туризм және спорт министрлігі.

Құрама сапындағы ең жас спортшы – пара шаңғы жарысында өнер көрсететін Владислав Кобаль. Ол небәрі 17 жаста. Ал команданың ең тәжірибелі әрі жасы үлкен мүшесі – пара шаңғы және пара биатлоннан бақ сынайтын Сергей Усольцев. Оның жасы 51-де.

Ұлттық құрамадағы тәжірибелі спортшылардың бірі – Александр Герлиц. Ол 2022 жылғы Бейжің Қысқы Паралимпиадасының пара биатлоннан қола жүлдегері. Сонымен қатар, 2018 жылғы Пхёнчхан Паралимпиадасында пара шаңғы жарысынан үздік төрттіктің қатарына енген.

Сондай-ақ, Қазақстан құрамасының көшбасшыларының бірі Ербол Хамитов – пара биатлон мен пара шаңғы жарысынан Әлем чемпионаттарының жүлдегері және бірнеше мәрте Әлем кубогы кезеңдерінің жеңімпазы. 2022–2023 жылғы маусымда ол пара шаңғы жарысынан өлем чемпионы атанып, Қазақстан тарихында осы жетістікке қол жеткізген алғашқы пара спортшы болды. Ал 2024–2025 жылғы маусым қорытындысы бойынша Ербол Хамитов пара биатлоннан Әлем кубогының жалпы есебінде жеңіске жетіп, 31 жылдан кейін Қазақстанға Хрусталь глобусты қайта әкелді. Айта кетейік, 2026 жылғы Қысқы Паралимпиада 6–16 наурыз аралығында Италияда өтеді. Байрақты додаға әлемнің 600-ден астам спортшысы қатысып, 79 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Биылғы ойындар ерекше маңызға ие – Қысқы Паралимпиада қозғалысының 50 жылдық мерейтойы атап өтіледі. Алғашқы Қысқы Паралимпиада 1976 жылы Швецияның Эрншёльдсвик қаласында өткен.

## АЙЫППҰЛ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ РЕСІМДЕЛЕДІ

ПО азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған қажетті профилактикалық шараларды қабылдап жатыр, – деп хабарлайды Polisia.kz. Бұл шаралардың барлығы алдын алу сипатында және ең алдымен адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қоғамдық орындар мен тұрғын-үй аумақтарында қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған. 12 наурыздан бастап “Цифрлық кодекс” аясында қабылданған Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 31-бабына енгізілген өзгерістер күшіне енеді. Аталған өзгеріс технологиялардың дамуына және процесстердің цифрландырылуына байланысты енгізілді. Негізгі мақсат – заманауи техникалық шешімдерді қолданып жол қауіпсіздігін арттыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу тиімділігін күшейту. Маңыздысы: жаңа тыйым енгізілмейді. Тек бұрыннан бар құқық бұзушылықтарды анықтаудың техникалық мүмкіндіктері кеңейтіледі. Бұған дейін рөлде отырып телефон пайдалану, қауіпсіздік белдігін тақпау сияқты құқық бұзушылықтар полиция қызметкерлерімен тікелей анықталса, енді оларды заманауи

техникалық құралдар арқылы тіркеуге болады. Яғни заң талаптары өзгермейді – тек оларды тіркеу тәсілдері жаңартылады. Бұрын автоматты режимде алты түрлі құқық бұзушылық тіркелетін, олар: жылдамдықты арттыру, бағдаршамның тыйым салынған белгісіне өту, жол белгілері мен таңбаларының талаптарын сақтамау, тоқтау және тұру қағидаларын бұзу, озу және жолдың жүру бөліктерінде орналасу қағидаларын бұзу, жаяу жүргіншілерге жол бермеу. Қалған құқық бұзушылықтар тек полиция қызметкерінің қатысуымен анықталатын. Енді заңнамада құқық бұзушылықтарды тіркеудің үш тәсілі көзделген. Біріншісі – қолданыстағы бейнекамералар. Екіншісі – автоматты тіркеу жүйелері, арнайы өлшеуді қажет етпейтін өзге де бұзушылықтарды анықтай алады, мысалы, рөлде телефон пайдалану немесе белдікті тақпау. Үшіншісі – Әкімшілік құқық бұзушылықтың бірыңғай тізімі жүйесімен біріктірілген мемлекеттік деректер базаларын пайдалану. Бұл құжаттарға қатысты бұзушылықтарды автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді, яғни техникалық байқаудың мерзімінің өтуі, сақтандыру полисінің болмауы, қаруды

сақтауға берілген рұқсат мерзімінің аяқталуы және басқа да жағдайлар. Сонымен қатар заңнамада ескерту қарастырылған құқық бұзушылықтар бойынша жүйе автоматты түрде ескерту шығара алады. Бұрын ол үшін полиция қызметкерінің қатысуы және істі қолмен рәсімдеу қажет еді. Мысалы, жолда кептеліс тудыру, сыртқы жарық құралдарын дұрыс пайдаланбау және басқа да жолда жүру қағидаларын бұзу жағдайлары. – Кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында таралған автоматты камералар жаяу жүргіншілерді жауапкершілікке тартады деген ақпарат шындыққа сәйкес келмейтінін хабарлаймыз. Бұл жүйелер тек көлік жүргізушілері тарапынан жасалған жолда жүру қағидаларын бұзуды анықтауға арналған. Жалпы алғанда, енгізілген өзгерістер қоғамдық және жол қауіпсіздігін арттыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және ауыр зардаптардың төмендетуіне бағытталған. Цифрлық шешімдерді қолдану қауіпті мінез-құлықты дер кезінде анықтауға және азаматтардың өмірі мен денсаулығына төнетін қатердің алдын алуға мүмкіндік береді, – деді ҚР ІІМ ӘПК-нің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоты Боранова.

## ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Таяу Шығыстағы қақтығыстарға байланысты аймақтағы елдерде қалып қойған отандастарымыздың тағдыры мемлекетіміздің бақылауында. ҚР Сыртқы істер министрлігінің жағдайға байланысты маңызды байланыс нөмірлері:



### Сыртқы істер министрлігі

- +7 7172 72 05 00 (Консулдық қызмет департаменті)
- +7 7172 72 01 11 (кезекші дипломат)

### Ирандағы Елшілік (Тегеран)

- +98 21 2256 5933 (кезекші)
- +98 936 208 4672 (ұялы, WhatsApp)

### Горган қаласындағы Бас консулдық

- +98 912 298 0350 (ұялы)
- +98 173 252 0443 (жұмыс телефоны)
- +7 701 771 34 01 (WhatsApp)

### Бандер-Аббас қаласындағы Консулдық

- +98 930 298 57 03 (ұялы, WhatsApp)

### Иорданиядағы Елшілік

- +962 777 688 885

### Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Елшілік

- +971 50 508 5226
- +971 2 449 8778

### Дубай қаласындағы Бас консулдық

- +971 50 570 1978

### Сауд Арабиясындағы Елшілік

- +966 55 663 0177

### Катардағы Елшілік

- +974 5064 9955
- +974 5100 0733

### Кувейттегі Елшілік

- +965 6704 2545

### Ливандағы Елшілік

- +961 471 3467
- +961 471 3447

### Бахрейндегі Бас консулдық

- +973 3348 0890

### Израильдегі Елшілік

- +972 (3) 503 78 85 (кезекші)
- +972 54 878 4608 (ұялы, WhatsApp)
- +972 53 272 1815 (ұялы, WhatsApp)
- +7 701 731 4177 (WhatsApp)

## ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ЗАРДАП ШЕККЕН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КӨМЕК КАБИНЕТТЕРІ АШЫЛАДЫ

Еліміз бойынша зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға арналған мамандандырылған көмек кабинеттері ашылады. Бұл кабинеттерде көмекке толмағандарға «бір терезе» қағидаты бойынша кешенді қолдау көрсетіледі.

Балаға қолайлы ортада алғашқы психологиялық көмектен бастап сот-медициналық сараптамадан өтуге және бейінді мамандардың қатысуымен сауалнама жүргізуге дейінгі барлық қажетті қызметтер бір жерде көрсетіледі. Бұл оның көптеген ұйымдарға бару қажеттілігін жойып, психологиялық тұрғыдан қайта жарақат алуына жол бермейді.



Аталған жаңашылдық 2025 жылғы 30 желтоқсанда Мемлекет басшысы қол қойған «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген. Норма 2026 жылғы 2 наурыздан бастап күшіне енеді. Жақын арада кабинеттердің қызмет қағидалары бекітіліп, содан кейін өңірлерде олар

ды кезең-кезеңімен ашу жоспарлануда.

Сонымен қатар заң аясында зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке, буллингке ұшыраған немесе оның куәсі болған көмекке толмағандарды анықтау және оларға көмек көрсету қағидалары өзірленді. Құжат осындай балаларды анықтау тәртібін, оларға көмек көрсету тетіктерін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, білім беру ұйымдарының, 111 байланыс орталығының, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл мен өңірлік уәкілдердің өзара іс-қимыл алгоритмдерін айқындайды. Бұл ведомстваралық жедел әрекет етуге және балаларға уақтылы кешенді көмек көрсетуге мүмкіндік бермек.

## ҰЛТТЫҚ ҰЛАНДА СЕΝІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЖАҢА ЖҮЙЕ ЕНГІЗІЛУДЕ

ҚР ІІМ Ұлттық ұланында әскери ортадағы өзара қолдау мен жауынгерлік бауырластықты нығайту мақсатында “Ұландық дос” жобасы қолға алынды.

Бұл бастама елордада орналасқан 5573 әскери бөліміндегі мерзімді әскери қызметшілер арасындағы сенімді арттыруға бағытталып, алғашқы оң нәтижелерін көрсетіп жатыр.

Жаңа жүйеде сарбаздар 2-5 адамнан шағын топтарға біріктіріледі. Олар қызмет барысында да, күнделікті әскери өмірде де бір-біріне тірек болып, туындаған мәселелерді шешуге және моральдық тұрақтылықты сақтауға көмектеседі. Бастама шеңберінде әр өңірден келген жастар бір-біріне бауыр басып үлгерді.



Мәселен, Шымкенттен мерзімді әскери қызметке шақырылған қатардағы Мұхамедәлі Құралбек пен Семей тумасы Данияр Кенесов алғашында бір-біріне мүлде бейтаныс болған. Мұхамедәлі Ұлттық ұлан сапына Даниярдан кейін қосылған. Жаңа орта, жаңа талап, жаңа тәртіп – әр

сарбаз үшін жауапты кезең. Сол сәтте Данияр жаңадан келген қаруласына алғашқы күннен-ақ қолдау білдіріп, әскердің күн тәртібіне тез бейімделуіне көмектесті.

“Ұландық дос” аясында бір топқа біріктірілгеннен кейін жігіттер қысқа уақыт ішінде тіл табысып кетті. Олар бірге жауынгерлік кезекшілікке түседі, жауынгерлік дайындықта бір-біріне көмектеседі, тапсырманы қатар орындайды. Біреуі шаршап тұрса, екіншісі демеп жібереді. Осындай өзара сенім олардың әскери ұжымға тез сіңісіп кетуіне мүмкіндік берген.

– Бос сәттерде біз жиі

өңгімелесіп, туған жерімізді еске аламыз. Мен Даниярға оңтүстіктің салт-дәстүрін айтып беремін, ал ол семейлік өңірдің ерекшеліктерімен бөліседі. Осылайша саптағы серіктестік бірге-бірге шынайы достыққа айналды, – дейді қатардағы Мұхамедәлі Құралбек.

Бөлім қолбасшылығының айтуынша, бұл тәсіл командирлерге жеке құрамның көңіл күйін бақылауға, туындаған мәселелерді дер кезінде анықтауға көмектеседі. Айта кетсек, жоба қазір пилоттық форматта іске асырылуда. Егер бастама өз нәтижесін көрсетсе, “Ұландық дос” әдістемесі Ұлттық ұланның барлық әскери бөліміне енгізілмек.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде 2025 жылғы жұмыс қорытындыланып, 2026 жылға арналған негізгі міндеттер анықталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 6 тамыздағы №628 қаулысымен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті және оның аумақтық бөлімшелері құрылған болатын.

2026 жылдың 24 ақпанында алғаш рет министрліктің ұйымдастыруымен барлық құрылымдық бөлімшелер басшыларының қатысуымен алқа отырысы өтті.

Отырысқа Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.Балаева қатысты.

Отырыста 2025 жылғы жұмыс қорытындылары және министрліктің 2026 жылға арналған негізгі міндеттері, зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері, әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру, еңбек қатынастарын реттеу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері, әлеуметтік сақтандыру саласындағы міндеттемелер мен мүмкіндіктер балансы жөніндегі мәселелер қаралды. Атап айтқанда:

#### 2025 жылғы жұмыс қорытындылары

Алқа отырысында 2025 жылғы жұмыс қорытындылары шығарылып, 2026 жылға арналған негізгі міндеттер айқындалды. Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру, әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру, еңбек қатынастарын реттеу, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, сондай-ақ әлеуметтік сақтандыру саласындағы міндеттемелер мен мүмкіндіктер балансы мәселелері жан-жақты талқыланды.

Алқа отырысында министрлік 2025 жылы халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар жүйелі шараларды жүзеге асырғаны атап өтілді. Зейнетақы төлемдерін уақтылы индексациялау, атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетіктерін жетілдіру және әлеуметтік төлемдерді тағайындау рәсімдерін оңайлату бағытында нақты жұмыстар атқарылған.

Есепті кезеңде әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын арттыруға, мүгедектігі бар азаматтарды қолдау шараларын кеңейтуге және халықты жұмыспен қамту бағдарламаларын тиімді іске асыруға басымдық берілді.

Сонымен қатар, еңбек нарығындағы ахуалды тұрақтандыру және жаңа жұмыс орындарын құру мәселелері де назардан тыс қалған жоқ.

#### Цифрландыру – ашықтық пен тиімділіктің негізі

Әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру 2025 жылы басты бағыттардың бірі болды. Мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру, деректер базаларын ықпалдастыру және проактивті қызмет көрсету тетіктерін енгізу арқылы азаматтар үшін қызмет алу үдерісі айтарлықтай жеңілдетілді.

Цифрлық шешімдер әлеуметтік төлемдерді тағайындауда адами факторды азайтып, ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қолдаудың атаулылығын арттырып, бюджет қаражатын тиімді пайдалануға жағдай жасады.



## ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

### АЙҚЫНДАЛДЫ

#### Еңбек қатынастары және еңбек қауіпсіздігі

Жиында еңбек қатынастарын реттеу және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері де кеңінен қаралды. Кәсіпорындардағы еңбек заңнамасының сақталуын бақылау күшейтіліп, өндірістік жарақаттану деңгейін төмендетуге бағытталған алдын алу шаралары жүргізілгені айтылды.

Еңбекті қорғау талаптарын сақтау, жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыру және қызметкерлердің құқықтарын қорғау – министрліктің тұрақты бақылауындағы мәселелердің бірі екені атап өтілді. 2026 жылы да бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасатын болады.

#### Әлеуметтік сақтандыру: міндеттемелер мен мүмкіндіктер балансы

Алқа отырысында әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығы мен тиімділігіне ерекше көңіл бөлінді. Міндеттемелер көлемінің артуы жағдайында қорлардың тұрақтылығын сақтау, түсімдер мен төлемдер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі ретінде белгіленді.

Жиын барысында сақтандыру жүйесін одан әрі жетілдіру, қатысушылар санын арттыру және көлеңкелі жұмыспен қамтуды азайту арқылы жарналар түсімін ұлғайту мәселелері талқыланды. Бұл өз кезегінде азаматтардың әлеуметтік төуекелдерден қорғалу деңгейін арттыруға ықпал етпек.

#### 2026 жылға арналған негізгі міндеттер

Алдағы жылы министрліктің негізгі жұмысы ретінде уақытша жұмыспен қамтудан тұрақты әрі сапалы жұмыс орындарын құруға көшу, еңбек мобильділігін арттыру және білім беру жүйесін еңбек нарығының қажеттіліктерімен тығыз байланыстыру жоспарланып отыр. Арнайы көңіл жастарға, соның ішінде NEET санатындағы азаматтарға бағытталады.

Сонымен қатар, зейнетақы және әлеуметтік төлемдер жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, цифрландыруды тереңдетуге және еңбек нарығын дамытуға басымдық беріледі. Әлеуметтік саясаттың басты мақсаты – халықтың өмір сүру сапасын арттыру және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету.

Сондай-ақ, еңбек қауіпсіздігін күшейту, формальды емес жұмыспен қамтуды азайту

және әлеуметтік сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасады. Министрлік алға қойылған міндеттерді іске асыру арқылы әлеуметтік-еңбек саласының орнықты дамуын қамтамасыз етуді көздеп отыр.

Алқа отырысында қабылданған шешімдер 2026 жылы әлеуметтік саясатты жүйелі түрде жүзеге асыруға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға негіз болмақ.

Сонымен қатар, осы күні аумақтық департаменттері бар мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті төрағасы М.Ахметовтің төрағалығымен панельдік сессия ұйымдастырылды. Сессияға комитеттің орталық аппараты мен өңірлік департамент басшылары қатысып, мемлекеттік еңбек инспекторларының 2025 жылғы жұмыс қорытындылары және 2026 жылға арналған міндеттер, өңір кәсіпорындарында жұмыскерлердің еңбек құқықтарының сақталуын мемлекеттік бақылау бойынша жүргізілетін жұмыстар, еңбек дауын азайту және реттеу, жалақы бойынша берешекті төмендету, өндірістік жарақаттануды төмендету, құқықтық, кадрлық, қаржылық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері туралы талқыланды.

#### 2025 жылғы жұмыс нәтижелері

Сессия барысында мемлекеттік еңбек инспекторларының есепті кезеңдегі қызметі жан-жақты сараланды. 2025 жылы өңір кәсіпорындарында жұмыскерлердің еңбек құқықтарының сақталуына мемлекеттік бақылау күшейтіліп, еңбек заңнамасының бұзылуын анықтау және оның алдын алу бағытында жүйелі шаралар қабылданды.

Тексеру қорытындылары бойынша анықталған құқықбұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беріліп, жұмыс берушілерге түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, бірқатар кәсіпорындарда еңбек шарттарын заң талаптарына сәйкестендіру, еңбекақы төлеу тәртібін реттеу және еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтау деңгейі артқаны атап өтілді.

#### Еңбек дауларын азайту және жалақы берешегін төмендету

Панельдік сессияда еңбек дауларының алдын алу және оларды реттеу тетіктерін же-

тілдіру мәселесі ерекше назарға алынды. Әлеуметтік әріптестік құралдарын тиімді пайдалану, татуластыру рәсімдерін жандандыру және түсіндіру жұмыстарын күшейту арқылы даулы жағдайлардың ушығуына жол бермеу міндеті қойылды.

Сонымен қатар, жалақы бойынша берешекті төмендету бағытында атқарылған жұмыстар талқыланды. Мемлекеттік еңбек инспекторларының жедел әрекет етуі нәтижесінде бірқатар кәсіпорындарда жұмыскерлер алдындағы еңбекақы қарызы өтеліп, азаматтардың әлеуметтік құқықтары қорғалғаны айтылды. Бұл бағыттағы жұмыс 2026 жылы да басымдықтардың бірі болып қала бермек.

#### Өндірістік жарақаттануды төмендету

Өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету – комитет қызметінің маңызды бағыттарының бірі.

Сессия барысында қауіпті өндірістік объектілерде профилактикалық бақылау жүргізу, еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қадағалау және жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыру мәселелері қаралды.

Инспекторлардың қатысуымен жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру сапасын арттыру, төуекелдерді бағалау жүйесін жетілдіру және еңбекті қорғау бойынша оқыту шараларын кеңейту қажеттігі атап өтілді.

#### Қамтамасыз ету және ақпараттық қауіпсіздік

Жиында комитет қызметін құқықтық, кадрлық, қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері де сөз болды. Мемлекеттік еңбек инспекторларының кәсіби біліктілігін арттыру, кадрлық әлеуетті нығайту және заманауи техникалық құралдармен жарақтандыру 2026 жылға арналған негізгі міндеттердің қатарында белгіленді.

Сонымен бірге, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, деректерді қорғау және цифрлық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін қолдау мәселелері талқыланды. Бұл еңбек саласындағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған.

#### 2026 жылға арналған басымдықтар

Панельдік сессия қорытындысы бойынша 2026 жылы жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау, еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, еңбек дауларын азайту және өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету бағытындағы жұмыстарды жалғастыру міндеті қойылды.

Сонымен қатар, өңірлерде жазатайым оқиғалардан жұмыскерлерді міндетті сақтандыру шартын жасау, еңбек шарттарын біріңғай жүйеге енгізу, ұжымдық шарттарды цифрландыру, кәсіптік төуекелдерді бағалау және профилактикалық бақылау жүргізу жұмыстары да басым бағыттар болып қала береді.

Комитет алдағы кезеңде де мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыруға, алдын алу шараларын күшейтуге және еңбек саласындағы заңдылық пен әділеттілікті қамтамасыз етуге басымдық бермек.

#### Женіс МАҚҰЛБАЕВ,

Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы

## Наурыз

### ҚАРСАҢЫНДА ТҮРКІСТАНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ АТШАБАР АШЫЛАДЫ

Түркістан қаласында халықаралық талаптарға толық жауап беретін заманауи атшабар пайдалануға берілмек. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында ашылуы жоспарланған нысанда қазір қызу дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Өңір басшысы Нұралхан Көшеров құрылыс алаңына кезекті рет барып, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын тексерді. Облыс әкімі нысанның сәулеттік келбетіне, инфрақұрылымдық жүйелеріне қатысты бірқатар ескертулер айтып, дайындықты мұқият пысықтауды тапсырды.

– Бұл атшабар тек спорттық нысан ғана емес, өңірдің туристік әлеуетін арттыратын маңызды орталыққа айналуы тиіс. Ұлттық спорт түрлерін дамытуға барлық жағдай жасалған. Ендігі міндет – ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстарын жоғары деңгейде қамтамасыз ету, – деді облыс әкімі.

Ипподром құрылысын «ВД Строй-инжинеринг» ЖШС жүзеге асырған. Нысан толықтай инженерлік инфрақұрылыммен қамтылған: электр, су, жылу және көріз жүйелері тартылған. 1500 көрерменге арналған трибуна, 4 жабық және 2 жаздық қора, сондай-ақ манеж құрылысы аяқталған.

Атшабар аумағында жылқыларды күтіп-бағуға арналған арнайы орындар, ветеринарлық бекет, жем-шөп қоймасы, бөйге алаңы мен көкпар алаңы қарастырылған. Көкпар алаңында жарыстарды тікелей көрсетуге арналған LED экран орнатылған. Жалпы, ұлттық ат спорты түрлерін халықаралық деңгейде өткізуге толық мүмкіндік бар.

Наурыз мерекесі аясында мұнда 10-ға жуық спорт түрінен халықаралық және республикалық жарыстар ұйымдастырылмақ. Атап айтқанда, көкпардан әлем чемпионаты, аударыспақтан «Қазақстан қабыланы» турнирі, дәстүрлі садақ атудан Азия чемпионаты, теңге ілуден Азия Кубогы, жамбы атудан республикалық турнир, асық атудан Әлем кубогы және қазақ күресінен «Түйе балуандар» турнирі өтеді. Сонымен қатар аламан бөйге мен «Толағай» алыптар сайысы ұйымдастырылып, 1000 адамның бір мезетте асық ойнап, рекорд жаңартуы жоспарланған.

Облыс әкімі атшабарды аралағаннан кейін қаладағы өзге де құрылыс нысандарын көріп, мердігерлерге жұмысты сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Өңірдегі барлық құрылыс жобалары тұрақты бақылауда.

Жаңа атшабар – ұлттық спортты ұлықтап қана қоймай, Түркістан облысының туристік тартымдылығын арттыратын ірі жобалардың бірі болмақ.

#### Арайлым ӘДІЛХАНҚЫЗЫ.

Азамат Абдрахиев  
Б.Дәрменов  
Қуат Ежембек  
Aibeshka  
Aktakhan Baglan  
Almaz  
Altyn Bek  
Baller

Enendroen (Бауыржан  
Калкабаев)

Jakai Nakenty  
А.Абдолла  
А. Абдулов  
А. Көбекұлы  
А. Рамазанова  
А.Абдикаликов  
А.Абдумаликов  
А.Абдурасул  
А.Абенов  
А.Абесов  
А.Абуов  
А.Авезов  
А.Адиханова  
А.Айгазиев  
А.Айдар  
А.Айжамал  
А.Айжігітов  
А.Айқожаев  
А.Аймақ  
А.Айнабек  
А.Айтжанов  
А.Айтканов  
А.Айтпаев  
А.Айымбетов  
А.Ақбаев  
А.Ақжігітов  
А.Ақмырза  
А.Алдамуратов  
А.Алипқайыров  
А.Алпысбаев  
А.Алтаев  
А.Алтымбаев  
А.Аман  
А.Аманаева  
А.Аманбаева  
А.Аминов  
А.Арман  
А.Арыстан  
А.Асабаев  
А.Асылбек  
А.Аханова  
А.Ахатаев  
А.Ахметбекұлы  
А.Ашмақын  
А.Аылхайыр  
А.Әбдімәлік  
А.Әбдрахман  
А.Әбубакиров  
А.Баженова  
А.Байғазыұлы  
А.Байғозина  
А.Байкеев  
А.Байменов  
А.Бақтыгереева  
А.Балғараев  
А.Батанова  
А.Баханова  
А.Бейсенхан  
А.Бек  
А.Бектаев  
А.Бектұрсын  
А.Бердин  
А.Бержібаев  
А.Бигазыұлы  
А.Биржибаев  
А.Болатбеков  
А.Боранбаев  
А.Борашев  
А.Деметалиев  
А.Досанаев  
А.Дүйсекеев  
А.Елтай  
А.Есжанова  
А.Есмұханов  
А.Еспаев  
А.Жайлаубаев  
А.Жайымов  
А.Жакепов  
А.Жақупова  
А.Жамбакиев  
А.Жамбыл  
А.Жанаханов

Тізімде көрсетілген тұлғалар өз сыйақысын алу үшін “Авторлар әндерінің одағы” Республикалық қоғамдық бірлестігіне хабарласуды сұраймыз



А.Жанбакиева  
А.Жеткерген  
А.Жолдыбаева  
А.Жубанов  
А.Жулаев  
А.Жумахан  
А.Жунусбаев  
А.Жүнісбеков  
А.Жұманов  
А.Жұмаш  
А.Идирисов  
А.Илесбаев  
А.Имантаев  
А.Имашов  
А.Исакулов  
А.Искаков  
А.Исламов  
А.Исмайлов  
А.Қаюмова  
А.Кәрібаев  
А.Кенехан  
А.Кенжебаев  
А.Керей  
А.Кіребаев  
А.Құлтаев  
А.Қаден  
А.Қайбар  
А.Қалаубаева  
А.Қалиұлы  
А.Қамбар  
А.Қасымханов  
А.Қожанов  
А.Құдайбергенов  
А.Қыраубаев  
А.Қырықбаев  
А.Макалай  
А.Малдыбаев  
А.Мамытов  
А.Мөлжанов  
А.Меденова  
А.Мейірбеков  
А.Миратдин  
А.Мирзоханов  
А.Мирниязов  
А.Молдасапаров  
А.Молдыбаев  
А.Мөлдір  
А.Мусабеков  
А.Мұхаммедұлы  
А.Набиев  
А.Надосын  
А.Ниетбаев  
А.Нурмаханов  
А.Омаров  
А.Отыншиев  
А.Өтебаев  
А.Р.Тынышбай  
А.Раев  
А.Сабырханов  
А.Сағатов  
А.Сағымбайқызы  
А.Сапарбаев  
А.Сапаров  
А.Сарыбаева  
А.Сатиев  
А.Сәдіршеков  
А.Сегізбаева  
А.Сейдахметов  
А.Сейітов  
А.Смайлов  
А.Солиев  
А.Сүлейменов  
А.Сұлтанов  
А.Тәңірбергенов  
А.Темірханов  
А.Тоқсанбаева  
А.Тостаған  
А.Төлегенов  
А.Төлөпберді  
А.Төлешова  
А.Түзелбекова  
А.Түменбай  
А.Тұңғышбаев  
А.Тұрманов

А.Тұрсынбаева  
А.Уалиева  
А.Уалихан  
А.Үсіпов  
А.Шағанов  
А.Шалқарбек  
А.Шамкенов  
А.Шамшитдинова  
А.Шашкенов  
А.Шенбаев  
А.Шыныбаева  
А.Ыспабеков  
А.Юлдашев  
Абай Айтмағанбетов  
Абай Құнанбаев  
Абдикаримов Асылбек  
Абдикаримова А.  
Абзал  
Абилдаев Жантас  
Абильдинов Дулат  
Абишов Шалхар  
Абылаев Шыңғыс  
Абылай Белтай  
Ағыберген Қ.  
Адам  
Адилов Ерболат  
Досболатулы  
Адил  
Азамат Ержанұлы  
Азамат Зенкаев  
Айнабек Жеткірбаев  
Айт Несипбек  
Айтбай Бекет  
Айтимбетов Ерген  
Заман тобы  
Ак ниет тобы  
Акаев Аманбек  
Ақан сері  
Ақбикеш  
Ақбөрі Қыдыр  
Ақкөзова  
Ақмахан Бағлан  
Ал Давай Мика  
Алавердашивили К.Т  
Аламан тобы  
Алдибеков Бақыт  
Али  
Али Окапов  
Али Өтегенов  
Алибек Гегиев  
Алижан  
Алимжанов Исламжан  
Алихан  
Алишер  
Алмагамбетов Ардак  
Хамитович  
Алмазбек Алтынбеков  
Алмас Албан  
Алмас Мұхтарұлы  
Алмасхан Насыров  
Алмат Исаділ  
Алпысбаева Шолпан  
Адилқызы  
Алсу Ишметова  
Алтай Н.  
Алтеков Ғалымжан  
Алтынбек Тәшімбетов  
Алуа Муратова  
Альходжаева Роза  
Абдураззаковна  
Амангелді  
Абдикаликов  
Амиреев Айдар  
Жумаханович  
Ануар Баймухаев  
Аңсар тобы  
Апош  
Араб өні  
Арман Дүйсенов  
Арсен Касиев  
Арсылан  
Артур  
Арысбек Бақдаулетұлы  
Асқар Ануарұлы

Асқар Маденов  
Асылхан  
Асылханова  
Атамқұлова Марина  
Атшыбаев Т  
Ахмед Аль Ханафи  
Ахметов Бирликхан  
Ахметов С.  
Аян Ташмағамбетов  
Ә.Абдулла  
Ә.Айдаров  
Ә.Әбіласанов  
Ә.Әлімжанова  
Ә.Әмірбек  
Ә.Байғараев  
Ә.Бейсеуов  
Ә.Бекжанов  
Ә.Берғалиев  
Ә.Ботақараев  
Ә.Ермағали  
Ә.Ертіс  
Ә.Еспанов  
Ә.Жайшунақов  
Ә.Жаншуақов  
Ә.Желдібаев  
Ә.Жүнісалиев  
Ә.Кәрімов  
Ә.Көшербай  
Ә.Кубеев  
Ә.Қалмырзаев  
Ә.Қалыпбекова  
Ә.Қонысбаев  
Ә.Манапов  
Ә.Молдағұлов  
Ә.Молжанов  
Ә.Нысанбаев  
Ә.Сасықбаев  
Ә.Сейдуәлі  
Ә.Серғазы  
Ә.Сүлейменова  
Ә.Сығай  
Ә.Тастемиров  
Ә.Тінәлі  
Ә.Шалқарбаев  
Ә.Шаужанов  
Ә.Шегебаев  
Ә.Шегенбаев  
Әбдіхан  
Әбілжанов Х.  
Әбішова Ж.  
Әділ Темір  
Әзірбаев К.  
Әкім Ысқақ  
Әл Фараби Бекарысұлы  
Әлия Ұңкәрбек  
Әлібек Серғали  
Әлімжан Әлішерұлы  
Әнуарбеков М.  
Әубәкіров  
Әуезхан Салабеков  
Б.Абдраимов  
Б.Абдрахман  
Б.Абилдаев  
Б.Адилов  
Б.Айтбаев  
Б.Айтмұқаева  
Б.Ақатаев  
Б.Алдияр  
Б.Аликулов  
Б.Алтаев  
Б.Амангельдиев  
Б.Аманғазыұлы  
Б.Аманжолов  
Б.Асан  
Б.Асқаров  
Б.Аяпов  
Б.Әбенов  
Б.Әбілдаев  
Б.Әлекеев  
Б.Әліқұлов  
Б.Әлімжан  
Б.Әлқожа  
Б.Әмірбаев  
Б.Әшірбаев

Б.Бабаш  
Б.Баймаханов  
Б.Байназаров  
Б.Байтуов  
Б.Бақытжан  
Б.Бегяхметов  
Б.Бейсенова  
Б.Бекетова  
Б.Бекжанов  
Б.Бекмуратов  
Б.Бекназаров  
Б.Бектасов  
Б.Берапов  
Б.Бердібеков  
Б.Бимахан  
Б.Блейменова  
Б.Боранбаев  
Б.Боранов  
Б.Борбиев  
Б.Досыбаев  
Б.Елбаев  
Б.Елеуов  
Б.Ережепов  
Б.Есдаулетов  
Б.Есентаев  
Б.Естаев  
Б.Жакипов  
Б.Жақыбаев  
Б.Жақыпбаев  
Б.Жалғасбаев  
Б.Жетесов  
Б.Жылқыбаев  
Б.Зауырбеков  
Б.Зейнелұлы  
Б.Ильясов  
Б.Иманбеков  
Б.Кеңесхан  
Б.Қажымұқанов  
Б.Қалыбеков  
Б.Қасымов  
Б.Қожаев  
Б.Қоқаманов  
Б.Қонысбаев  
Б.Қорған  
Б.Қошқарбаев  
Б.Құлжабайқызы  
Б.Құрақбаев  
Б.Құсайынов  
Б.Қыдырбеков  
Б.Мамбетсапаев  
Б.Мауленов  
Б.Мухитдинова  
Б.Ниязов  
Б.Нұрғазин  
Б.Нұрымбетов  
Б.Оразбаев  
Б.Оразымбет  
Б.Оракаев  
Б.Оралбеков  
Б.Оралұлы  
Б.Орынбайұлы  
Б.Орынбасаров  
Б.Оспанов  
Б.Ретбаев  
Б.Садуақасов  
Б.Сарсенхан  
Б.Сатиев  
Б.Сейдуалиева  
Б.Сейтов  
Б.Серкебаев  
Б.Симаев  
Б.Смағұлов  
Б.Сұлтан  
Б.Сыздықов  
Б.Танабаев  
Б.Тауменов  
Б.Тәттібаев  
Б.Тезекбаев  
Б.Тілеуханов  
Б.Түзелбекова  
Б.Тұрманова  
Б.Тұрыс  
Б.Тұрысбек  
Б.Урахаев

Б.Усенов  
Б.Хаджимуханов  
Б.Чиннибеков  
Б.Шабақбаев  
Б.Шенгелбаев  
Б.Шукенов  
Б.Шыналиев  
Б.Шынар  
Бабек Мамедраев  
Бағараев А.  
Бажанова А.  
Бақтыбай  
Бақыт Беделхан  
Бақытжан  
Бақытжан Әлікейұлы  
Батыр  
Батырхан Маликов  
Бауыржан Ермаш  
Бахром Азимов  
Бахтияр Мамедов  
Баян Тленшина  
Бөкір Тәжібаев  
Бейбіт Сарыбай  
Бекарыс Шойбеков  
Бекжанова Д.  
Бекжігіт Бердәлі  
Бекзат Қосай  
Беккулов Бағлан  
Бексултан Алимбек  
Бексултан Бақытжан  
Белгісіз автор  
Бердикожан Назгүл  
Бердіке  
Бижанов Д  
Біржан  
Болат Кохаманов  
Бушикова Алия  
В.Сарсенбаев  
В.Питерцев  
Г.Абдиев  
Г.Абиев  
Г.Алтынбекова  
Г.Аяганова  
Г.Әбдіров  
Г.Базарбекқызы  
Г.Батырбайқызы  
Г.Боғатова  
Г.Дәукенова  
Г.Есимов  
Г.Зиманов  
Г.Исламқызы  
Г.Кауырма  
Г.Нурманова  
Г.Нуртаева  
Г.Өмірбаева  
Г.Рүстембеков  
Г.Садырова  
Г.Салықова  
Г.Сатыбеков  
Г.Сұлтанқызы  
Г.Халықов  
Г.Шамшиева  
Грек өні  
Г.Есімбергенов  
Г.Жайлыбай  
Г.Жанай (Шүренбай)  
Г.Көкенайұлы  
Г.Қайырбеков  
Г.Қолбай  
Г.Леспеков  
Г.Мөтебаев  
Г.Ө.Лесбеков  
Г.Сағынбаев  
Г.Сакен  
Д. Сулеев  
Д.Абиев  
Д.Айтжанов  
Д.Арсамов  
Д.Ашимов  
Д.Аяшұлы  
Д.Әлімұратов  
Д.Бақаров  
Д.Балтабаев  
Д.Бахаров

Д.Ботбаев  
 Д.Бықыбаев  
 Д.Дарменов  
 Д.Дархан  
 Д.Даулетияр  
 Д.Джумаев  
 Д.Дүйсенев  
 Д.Жамантаев  
 Д.Жанботаев  
 Д.Исабеков  
 Д.Исмайлов  
 Д.Кенжебаев  
 Д.Кеңесбаев  
 Д.Кулумшин  
 Д.Қалмырза  
 Д.Қамбаров  
 Д.Қанатбаев  
 Д.Құлыпназарова  
 Д.Маханбет  
 Д.Мейірбек  
 Д.Мусабеков  
 Д.Мухамедкалиев  
 Д.Мыңжасов  
 Д.Мырзахметов  
 Д.Нур  
 Д.Оразымбетов  
 Д.Өмішов  
 Д.Рақышев  
 Д.Рамазан  
 Д.Розыскул  
 Д.Сағымбаева  
 Д.Сағынбаева  
 Д.Сағынтаев  
 Д.Сарымолдаев  
 Д.Серғалиев  
 Д.Стамбек  
 Д.Сыздықов  
 Д.Танабаев  
 Д.Таңатаров  
 Д.Тухманов  
 Д.Ундибаев  
 Д.Шора  
 Д.Ыдырыс  
 Д.Эрғашев  
 Д.Юлдашев  
 Давлетьяров Артур  
 Даирова Қ.К  
 Даму Долдаұлы  
 Данияр Өмірбекұлы  
 Данияр Барыс  
 Дарья Шейк  
 Дастан Нысанбай  
 Даулет Элмуратов  
 Дәулет Халықұлы  
 Денар  
 Денис Беляев  
 Деньфевраль  
 Джилкишиев Нурлан  
 Абжаппарович  
 Джукенова  
 Джунусов Ерлан  
 Тусбаевич  
 Диана Исмайл  
 Диас Кайназаров  
 Дильен  
 Дина  
 До Мажор  
 Долдас Әбдіұлы  
 Дүйсенбі Асқар  
 Кейкіұлы  
 Дюсенғали Қуандықов  
 Е. Достияров  
 Е. Тажимаков  
 Е.Абдолла  
 Е.Абдулла  
 Е.Ақшораев  
 Е.Алекеев  
 Е.Алтаев  
 Е.Арзықұлов  
 Е.Асанхан  
 Е.Әбдіхалықова  
 Е.Әдірахманова  
 Е.Әлеев  
 Е.Әлкеев  
 Е.Байбосынов  
 Е.Бақбергенов  
 Е.Белгібаев  
 Е.Белғозиев  
 Е.Ғадылбекұлы  
 Е.Досболатұлы  
 Е.Дүйсенев  
 Е.Елгезек

Е.Ермек  
 Е.Есетов  
 Е.Жақсымбетов  
 Е.Жақыпбеков  
 Е.Жалинкеев  
 Е.Жаманисов  
 Е.Жары  
 Е.Жиынбаев  
 Е.Жолдасов  
 Е.Жүнісов  
 Е.Жүмекен  
 Е.Зейіпхан  
 Е.Ибрахим  
 Е.Кәрімұлы  
 Е.Кокеев  
 Е.Қазелбек  
 Е.Қалиев  
 Е.Қалтай  
 Е.Малаев  
 Е.Молдашев  
 Е.Нариманұлы  
 Е.Нұрманғалиев  
 Е.Орынбаев  
 Е.Оспан  
 Е.Өмірбаев  
 Е.Садырбай  
 Е.Сапамамиев  
 Е.Сауранбаев  
 Е.Сейдахметов  
 Е.Сейтман  
 Е.Тілепбергенов  
 Е.Тілепбердиев  
 Е.Тлегенов  
 Е.Төлегенұлы  
 Е.Төлендиев  
 Е.Төлепов  
 Е.Төлеубай  
 Е.Тұрдықұл  
 Е.Үмбетәлі  
 Е.Үсенов  
 Е.Хасанғалиев  
 Е.Хасен  
 Е.Хусаинов  
 Е.Шаймерденов  
 Е.Шынтеков  
 Еден Маматов  
 Елгезек Ақберен  
 Елена Кигай  
 Елікбаев Қ.  
 Ержан Ажарқұлов  
 Ержігіт Сақулов  
 Еркебұлан Құмаров  
 Еркеш Шакеев  
 Еркін Ерген  
 Есалиев  
 Есен Жүсіпов  
 Есенқараева Х.  
 Есжан Талғат  
 Қазбекұлы  
 Ескенеев Ф.  
 Есқараев Бастар  
 Еспанов Нурлан  
 Бегалиевич  
 Ж. Шерінбеков  
 Ж.Абдрахманов  
 Ж.Абдырайымов  
 Ж.Айтмуратов  
 Ж.Айтмуратов  
 Ж.Ақылбайұлы  
 Ж.Артықбаев  
 Ж.Ауыпбаев  
 Ж.Ауыпбеков  
 Ж.Әбділдинов  
 Ж.Әбдіұлы  
 Ж.Әміре  
 Ж.Бадалбаев  
 Ж.Байтуова  
 Ж.Байырбекова  
 Ж.Бейсенов  
 Ж.Бозов  
 Ж.Боранбаев  
 Ж.Бұлғақов  
 Ж.Дугалова  
 Ж.Есет  
 Ж.Жақыпбаев  
 Ж.Жеңісхан  
 Ж.Жұмабаев  
